

## Алматы қаласын одан әрі дамыту жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 11 тамыздағы N 1249

Қазақстан Республикасы астанасының Ақмола қаласына көшірілуіне және Алматы қаласын ғылыми, мәдени, қаржы және өндіріс орталығы ретіндегі мәртебесін сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қаржы министрлігімен және Алматы қаласының әкімімен бірлесе отырып 1997 жылдың 1 қыркүйегіне дейін мерзімде "Алматы қаласының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеп, оны Қазақстан Республикасы Үкіметінің қарауына енгізсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі бір ай мерзім ішінде Алматы қаласы әкімінің астананың Ақмола қаласына көшірілуіне байланысты бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерін теңгеру жөніндегі ұсынысын қарасын және келісілген жоба шешімін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

3. Алматы қаласының әкімі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік пен активтерді басқару департаментімен, Қазақстан Республикасы Экономика және сауда министрлігінің құрылыс және сәулет-қала құрылысын бақылау агенттігімен бірлесе отырып Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қатысуымен (келісім бойынша) үстіміздегі жылдың 1 қыркүйегіне дейін мерзімде кейін жылжымайтын мүліктің кепілдік қорын және қалалық бағдарламаларды несиелендіру тетігін құрумен коммуналдық меншікке жататын объектілер туралы ұсыныс енгізсін.

4. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі шағын кәсіпкерлікті қолдау және жұмыспен қамту қорларынан астананың Ақмола қаласына көшірілуі салдарынан жұмыссыздық деңгейін төмендету үшін шағын кәсіпкерлік саласында жаңа жұмыс орнын құруды қамтамасыз етуге тиісінше қаражат бөлсін.

5. Осы қаулының атқарылуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрі Кеңсесінің аймақтардың жұмысын үйлестіру және Үкімет шешімін әзірлеуді үйлестіру бөлімдеріне жүктелсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК